

Әлеуметтік бейімсіздікке және әлеуметтік депривацияға әкеп соққан қатыгездікпен қараудың бар-жоғын бағалау критерийлерін бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2023 жылғы 30 маусымдағы № 528, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2023 жылғы 1 шілдедегі № 123, Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 30 маусымдағы № 271 және Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 30 маусымдағы № 190 бірлескен бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2023 жылғы 1 шілдеде № 33002 болып тіркелді.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Осы бұйрық 01.07.2023 бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексі 133-бабының 2-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫЗ:**

1. Қоса беріліп отырған Әлеуметтік бейімсіздікке және әлеуметтік депривацияға әкеп соққан қатыгездікпен қараудың бар-жоғын бағалау критерийлері осы бірлескен бұйрықтың қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. Төмендегі бірлескен бұйрықтардың:

1) "Әлеуметтік бейімсіздікке және әлеуметтік депривацияға әкеп соққан қатыгездікпен қараудың бар-жоғын бағалау критерийлерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2014 жылғы 22 қыркүйектегі № 630, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2014 жылғы 26 қыркүйектегі № 399 және Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2014 жылғы 19 қарашадағы № 240 бірлескен бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10013 болып тіркелген);

2) "Әлеуметтік бейімсіздікке және әлеуметтік депривацияға әкеп соққан қатыгездікпен қараудың бар-жоғын бағалау критерийлерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2014 жылғы 22 қыркүйектегі № 630, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2014 жылғы 26 қыркүйектегі № 399 және Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2014 жылғы 19 қарашадағы № 240 бірлескен бұйрығына өзгеріс енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2021 жылғы 27 желтоқсандағы № 812, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрі міндетін атқарушысының 2021 жылғы 27 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-135, Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2021 жылғы 27 желтоқсандағы № 501 және Қазақстан

Республикасы Білім және ғылым министрі міндетін атқарушысының 2021 жылғы 27 желтоқсандағы № 611 бірлескен бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 26134 болып тіркелген) күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Ұйымдасқан қылмысқа қарсы күрес департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бірлескен бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бірлескен бұйрықты Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бірлескен бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Заң департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтер ұсынуды қамтамасыз етсін.

4. Осы бірлескен бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің орынбасарына, Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау, Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау, Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту, вице-министрлеріне жүктелсін.

5. Осы бірлескен бұйрық 2023 жылғы 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға жатады.

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрі

_____ А. Финият

Қазақстан Республикасы
Оқу-ағарту министрі

_____ Г. Бейсембаев

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің орынбасары -
Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау
министрі

_____ Т. Дуйсенова

Қазақстан Республикасының
Ішкі істер министрі

_____ М. Ахметжанов

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрі
2023 жылғы 1 шілдедегі
№ 123,
Қазақстан Республикасы
Оқу-ағарту министрі
2023 жылғы 30 маусымдағы
№ 190,
Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
орынбасары - Еңбек және халықты
әлеуметтік қорғау министрі
2023 жылғы 30 маусымдағы
№ 271 мен
Қазақстан Республикасының
Ішкі істер министрі

Әлеуметтік бейімсіздікке және әлеуметтік депривацияға әкеп соққан қатыгездікпен қараудың бар-жоғын бағалау критерийлері

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Әлеуметтік бейімсіздікке және әлеуметтік депривацияға әкеп соққан қатыгездікпен қараудың бар-жоғын бағалау критерийлері (бұдан әрі – Критерийлер) Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексіне сәйкес әзірленген және адамдарды әлеуметтік бейімсіздікке және әлеуметтік депривацияға әкеп соққан қатыгездікпен қараудан зардап шегушілерге (бұдан әрі – Зардап шегуші) жатқызудың негіздерін айқындайды.

2. Осы Критерийлерде мынадай түсініктер пайдаланылды:

1) әлеуметтік бейімсіздікке және әлеуметтік депривацияға әкеп соққан қатыгездікпен қарау – жасалған әрекеттерге қатысты қылмыстық іс жүргізуді қозғау фактісінің бар-жоғына қарамастан, тұрмыстық зорлық-зомбылыққа, адам саудасына, оның ішінде кәмелетке толмағандар саудасына, оларды пайдаланудың өзге де түрлеріне байланысты әрекеттер, сондай-ақ адам ұрлау;

2) зардап шегуші – оған қатысты әлеуметтік бейімсіздікке және әлеуметтік депривацияға әкеп соққан қатыгездікпен қараудың нысанына қарамастан, ол жасалған жеке адам;

3) әлеуметтік бейімсіздік – жеке адамның әлеуметтік ортамен өзара байланысының бұзылуы;

4) әлеуметтік депривация - адамның (отбасының) негізгі өмірлік қажеттіліктерін өз бетінше қанағаттандыру мүмкіндігін шектеу және (немесе) одан айырылу;

5) адам саудасының құрбанын сәйкестендіру – осы Критерийлерге сәйкес адам, оның ішінде кәмелетке толмағандар саудасымен, оларды пайдаланудың өзге де түрлерімен байланысты іс-қимылдар, сондай-ақ адамдарды ұрлау салдарынан әлеуметтік бейімсіздікке және әлеуметтік депривацияға әкеп соққан қатыгездікпен қараудан зардап шеккендерге адамды жатқызу.

2-тарау. Әлеуметтік бейімсіздікке және әлеуметтік депривацияға әкеп соққан қатыгездікпен қараудың бар-жоғын бағалау

3. Әлеуметтік бейімсіздікке және әлеуметтік депривацияға әкеп соққан қатыгездікпен қарым-қатынасқа ұшырадым деп мәлімдеген адам сәйкестендіру жүргізуге уәкілетті адамның және қажет болған жағдайда аудармашының жынысын таңдайды.

Кәмелетке толмаған адамды сәйкестендіру заңды өкілдерінің, ал олар болмаған кезде – жақын туыстарының және (немесе) қорғаншылық және қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын органдарының қатысуымен жүргізіледі.

Өтініш жасаған адамды сәйкестендіруді халықты әлеуметтік қорғау және жұмыспен қамту саласындағы бағытты айқындайтын аудандардың, облыстық, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органымен (бұдан әрі – уәкілетті орган) бірлесіп, арнаулы әлеуметтік қызметтерді ұсынатын субъект жүргізеді.

Ішкі істер органдары құқық бұзушылықты анықтаған (тапқан) жағдайда адамды сәйкестендіруді арнаулы әлеуметтік қызметтерді ұсынатын субъектімен және уәкілетті органмен бірлесіп, ішкі істер органдары жүргізеді.

Адамды денсаулық сақтау немесе білім ұйымдары анықтаған жағдайда ішкі істер органдарына хабарланады.

Ескерту. 3-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Ішкі істер министрінің 24.09.2024 № 719, ҚР Денсаулық сақтау министрінің 30.09.2024 № 76, ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 25.09.2024 № 385 және ҚР Оқу-ағарту министрінің м.а. 25.09.2024 № 273 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

4. Тұрмыстық зорлық-зомбылық кезінде әлеуметтік бейімсіздікке және әлеуметтік депривацияға әкеп соққан қатыгездікпен қараудың бар-жоғын бағалау кезінде адамға қатысты жасалған әрекеттер мынадай блоктар бойынша топтастырылады:

- 1-блок - күш көрсету зорлық-зомбылығы;
- 2-блок - психологиялық зорлық-зомбылық;
- 3-блок - экономикалық зорлық-зомбылық;
- 4-блок - сексуалдық зорлық-зомбылық.

Өтініш жасаған адамды сәйкестендіруді уәкілетті органмен бірлесіп, арнаулы әлеуметтік қызметтерді ұсынатын субъект жүргізеді.

Ішкі істер органдары тұрмыстық зорлық-зомбылық саласындағы құқық бұзушылықтарды анықтаған (тапқан) жағдайда адамды сәйкестендіруді арнаулы әлеуметтік қызметтерді ұсынатын субъектімен және уәкілетті органмен бірлесіп, ішкі істер органдары жүргізеді.

Адамды денсаулық сақтау немесе білім ұйымдары анықтаған жағдайда ішкі істер органдарына хабарланады.

5. Қатыгездікпен қараудың бар-жоғына бағалау жүргізу кезінде әрекеттердің әрбір блогы бойынша осы Критерийлерге 1-қосымшаға сәйкес баллдар беріледі, олардың қосындысы бойынша адам зардап шеккендер қатарына жататыны айқындалады.

6. Егер блоктардың бірі бойынша баллдардың қосындысы 5 және одан жоғары баллды құраса, адам тұрмыстық зорлық-зомбылықпен байланысты әрекеттердің нәтижесінде зардап шеккен деп танылады.

Егер өтініш жасаған адам тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбаны болып сәйкестендірілген жағдайда, онда арнаулы әлеуметтік қызметтер ұсынатын субъект бір жұмыс күні ішінде бағалау парағын оның арызымен бірге арнаулы әлеуметтік қызметтер ұсынуға рұқсат алу үшін уәкілетті органға, ал кәмелетке толмаған сәйкестендірілген жағдайда – қорғаншылық немесе қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын органға жолдайды.

Егер өтініш жасаған адам тұрмыстық зорлық-зомбылықтың құрбаны болып сәйкестендірілмеген жағдайда, онда оған арнаулы әлеуметтік қызметтер ұсынудан бас тартылады.

Қазақстан Республикасы Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексіне сәйкес өтініш жасаған адам әкімшілік актіні қабылдаумен байланысты әкімшілік әрекетке (әрекетсіздікке) шағымдануға құқылы.

7. Адамды, оның ішінде кәмелетке толмағандарды саудаға салу, оларды пайдаланудың өзге де түрлері, сондай-ақ адамдарды ұрлау кезінде әлеуметтік бейімсіздікке және әлеуметтік депривацияға әкеп соққан қатыгездікпен қараудың бар-жоғын бағалау кезінде адамға қатысты жасалған әрекеттер мынадай блоктар бойынша топтастырылады:

1-блок - адамды, оның ішінде кәмелетке толмағандарды саудаға салудың, оларды пайдаланудың өзге де түрлерінің, сондай-ақ адам ұрлаудың мақсаты;

2-блок - адамға қатысты жасалған әрекеттер;

3-блок - адамға қатысты пайдаланылған құралдар;

4-блок - адамға келтірілген зиян.

Өтініш жасаған адамды сәйкестендіруді уәкілетті органмен бірлесіп, арнаулы әлеуметтік қызметтерді ұсынатын субъект жүргізеді.

Ішкі істер органдары адам саудасымен байланысты қылмыстарды анықтаған (тапқан) жағдайда адамды сәйкестендіруді ішкі істер органдары арнаулы әлеуметтік қызметтерді ұсынатын субъектімен, уәкілетті органмен және коммерциялық емес ұйыммен бірлесіп жүргізеді.

Адамды денсаулық сақтау немесе білім ұйымдары анықтаған жағдайда ішкі істер органдарына хабарланады.

Ескерту. 7-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Ішкі істер министрінің 24.09.2024 № 719, ҚР Денсаулық сақтау министрінің 30.09.2024 № 76, ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 25.09.2024 № 385 және ҚР Оқу-ағарту министрінің м.а. 25.09.2024 № 273 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

8. Қатыгездікпен қараудың бар-жоғына бағалау жүргізу кезінде әрекеттердің әрбір блогы бойынша осы Критерийлерге 2-қосымшаға сәйкес баллдар беріледі, олардың қосындысы бойынша адам қатыгез қараудан зардап шеккендер қатарына жататыны айқындалады.

9. Егер әрбір блок бойынша баллдардың қосындысы 5 және одан жоғары баллды құраса, жалпы нәтижесі 20 және одан жоғары балл болса, адам адамды саудаға салумен, оларды пайдаланудың өзге де түрлерімен, сондай-ақ адамды ұрлаумен байланысты әрекеттердің нәтижесінде зардап шеккен деп танылады.

Егер әрбір блок бойынша баллдардың қосындысы 5 және одан жоғары баллды құраса, 3-блокты қоспағанда (адамға қатысты пайдаланылған құралдар), жалпы нәтижесі 15 және одан жоғары балл болса, кәмелетке толмаған адам кәмелетке толмағандарды саудаға салумен, оларды пайдаланудың өзге де түрлерімен, сондай-ақ ұрлаумен байланысты әрекеттердің нәтижесінде зардап шеккен деп танылады.

10. Егер адамды, оның ішінде кәмелетке толмағандарды саудаға салу, оларды пайдаланудың өзге де түрлері, сондай-ақ адамдарды ұрлау фактісі бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексеру басталған және адам жәбірленуші болып танылған жағдайда, оны осы Критерийлерге 2-қосымшаға сәйкес сәйкестендіру талап етілмейді.

11. Қатыгездікпен қараудың бар-жоғын бағалауды жүргізудің қорытындылары бойынша уәкілетті органмен бірлесіп, арнаулы әлеуметтік қызметтерді ұсынатын субъект және, қажет болған жағдайда сәйкестендіруді жүргізетін қорғаншылық немесе қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын ішкі істер органдары осы Критерийлерге 3-қосымшаға сәйкес есеп жасайды.

Егер өтініш жасаған адам тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбаны болып сәйкестендірілген жағдайда, онда арнаулы әлеуметтік қызметтер ұсынатын субъект бір жұмыс күні ішінде бағалау парағын оның арызымен және есебімен бірге арнаулы әлеуметтік қызметтер ұсынуға рұқсат алу үшін уәкілетті органға, ал кәмелетке толмаған сәйкестендірілген жағдайда – қорғаншылық немесе қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын органға жолдайды.

Егер өтініш жасаған адам адам саудасы құрбаны болып сәйкестендірілмеген жағдайда, онда оған арнаулы әлеуметтік қызметтер ұсынудан бас тартылады.

Қазақстан Республикасы Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексіне сәйкес өтініш жасаған адам әкімшілік актіні қабылдаумен байланысты әкімшілік әрекетке (әрекетсіздікке) шағымдануға құқылы.

Бірлескен бұйрығымен
бекітілген Әлеуметтік
бейімсіздікке және әлеуметтік
депривацияға әкеп соққан
қатыгездікпен қараудың
бар-жоғын бағалау
критерийлеріне
1-қосымша

Тұрмыстық зорлық-зомбылық кезінде әлеуметтік бейімсіздікке және әлеуметтік депривацияға әкеп соққан қатыгездікпен қараудың бар-жоғын бағалау кезінде баллдар беру

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 26.12.2024 № 1021, ҚР Денсаулық сақтау министрінің 06.01.2025 № 1, ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 30.12.2024 № 510 және ҚР Оқу-ағарту министрінің 31.12.2024 № 375 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

№ р/с	Тұрмыстық зорлық-зомбылық кезінде қатыгездікпен қараудың бар-жоғын бағалауға арналған критерийлердің тізбесі	Тұрмыстық зорлық-зомбылық кезінде қатыгездікпен қараудың бар-жоғын бағалауға арналған шекті көрсеткіштер
1.	Күш көрсету зорлық-зомбылығы	
2.	Тән ауруына ұшырататын ұрып-соғу немесе өзге де күш қолдану әрекеттерін жасау	3 балл
3.	Құқық бұзушымен отбасы-тұрмыстық қарым-қатынастағы азаматтарға сыйламаушылық көрсетіліп, былапыт сөйлеу, қорлап тиісу, кемсіту, үй заттарына зақым келтіру және жеке тұрғын үй немесе пәтер шегінде жасалған олардың тыныштығын бұзатын басқа да әрекеттер	2 балл
4.	Ұдайы ұрып-соғу немесе өзге күш қолдану әрекеттері жолымен тән зардабын келтіру немесе психикалық зардап шегу	5 балл
5.	Адамның өміріне қауіпті емес және зардаптарға әкеп соқпаған, бірақ денсаулықты ұзақ уақытқа бұзылуға әкеп соққан денсаулыққа қасақана орташа ауырлықтағы зиян келтіру	5 балл
6.	Адамның өміріне қауіпті немесе көруден, тілден, естуден қандай да болсын органнан айрылуға немесе органның қызметін жоғалтуға немесе бет-әлпетінің қалпына келтіргісіз бұзылуына әкеп соққан денсаулыққа қасақана ауыр зиян келтіру, сондай-ақ өмірге қауіпті немесе еңбек қабілетінің кемінде үштен бірін тұрақты түрде жоғалтуға ұштасқан немесе кінәліге мәлім кәсіби еңбек қабілетін немесе түсік тастауға, психикасын бұзуға, есірткімен немесе уытты умен ауыруға душар еткен денсаулықтың бұзылуын тудырған денсаулыққа	5 балл

	өзге зиян келтірген қасақана ауыр зиян келтіру	
7.	Психологиялық зорлық-зомбылық	
8.	Дөрекілік, қорқыту, қорлау, қорқыту, бопсалау, қудалау және адамның жағымсыз эмоционалдық реакциясы мен жан ауруын тудыратын басқа әрекеттер (әрекетсіздік)	3 балл
9.	Адамды өзін-өзі өлтіруге жеткізу немесе жәбірленушіні қорқыту, оған қатыгездікпен қарау немесе оның адамдық қасиетін ұдайы қорлау жолымен өзін-өзі өлтіруге баруға дейін жеткізу	5 балл
10.	Өлтіремін деп немесе денсаулыққа ауыр зиян келтіремін деп, сол сияқты адамның жеке басына өзге ауыр күш көрсетемін не мүлікті өртеп құртамын деп, жарылыс жасап немесе өзге жалпы қауіпті тәсілмен қорқыту, бұл қорқытудың іске асатындығына қауіптенудің жеткілікті негіздері бар болған кезде	5 балл
11.	Жалғасып келе жатқан қудалау, мәжбүрлі көші-қон	5 балл
12.	Кәмелетке толмағанның көзінше тұрмыстық зорлық-зомбылық жасау	3 балл
13.	Экономикалық зорлық-зомбылық	
14.	Жеке басты куәландыратын, меншікке құқық белгілейтін, әрекеттер жасауға құқық беретін құжаттардан айыру	3 балл
15.	Тіршілік қызметі үшін қажетті ақшалай қаражаттан айыру	2 балл
16.	Тұрғын үйінен айыру	5 балл
17.	Тіршілік қызметі үшін қажетті тамақтан айыру	4 балл
18.	Тіршілік қызметі үшін қажетті киімнен айыру	3 балл
19.	Сексуалдық зорлық-зомбылық	
20.	Зорлау, яғни құрбанға немесе басқа адамдарға күш қолданып немесе оны қолданбақшы болып қорқытып не құрбандар дәрменсіз күйін пайдаланып жыныстық қатынас жасау	5 балл

21.	Көрінеу он төрт жасқа толмаған адамға қатысты күш қолданусыз азғындық іс-әрекеттерді жасау	5 балл
22.	Адамды жыныстық қатынасқа түсуге, еркек пен еркектің, әйел мен әйелдің жыныстық қатынас жасауына немесе сексуалдық сипаттағы өзге де әрекеттер жасауға мәжбүр ету	5 балл
23.	Жалаңаштануға мәжбүрлеу, денені сипап қарау, әдепсіз немесе қорлайтын қарым-қатынас, сондай-ақ жыныс мүшелеріне соққы беру және оларға заттармен әсер ету, жыныстық қол сұғушылық	5 балл

Бірлескен бұйрығымен бекітілген Әлеуметтік бейімсіздікке және әлеуметтік депривацияға әкеп соққан қатыгездікпен қараудың бар-жоғын бағалау критерийлеріне 2-қосымша

Адамды, оның ішінде кәмелетке толмағандарды саудаға салу, оларды пайдаланудың өзге де түрлері, сондай-ақ адамдарды ұрлау кезінде әлеуметтік бейімсіздікке және әлеуметтік депривацияға әкеп соққан қатыгездікпен қараудың бар-жоғын бағалау кезінде баллдар беру

Ескерту. 2-қосымшаға өзгеріс енгізілді - ҚР Ішкі істер министрінің 24.09.2024 № 719, ҚР Денсаулық сақтау министрінің 30.09.2024 № 76, ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 25.09.2024 № 385 және ҚР Оқу-ағарту министрінің м.а. 25.09.2024 № 273 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

№ р/с	Адамды, оның ішінде кәмелетке толмағандарды саудаға салу, оларды пайдаланудың өзге де түрлері, сондай-ақ адамдарды ұрлау кезінде қатыгездікпен қараудың бар-жоғын бағалауға арналған критерийлердің тізбесі	Адамды, оның ішінде кәмелетке толмағандарды саудаға салу, оларды пайдаланудың өзге де түрлері, сондай-ақ адамдарды ұрлау кезінде қатыгездікпен қараудың бар-жоғын бағалауға арналған шекті көрсеткіштер
1.	Адамды, оның ішінде кәмелетке толмағандарды саудаға салудың, оларды пайдаланудың өзге де түрлерінің, сондай-ақ адамдарды ұрлаудың мақсаты	
2.	Сексуалдық пайдалану мақсатында адамды саудаға салу/ сексуалдық пайдалану	5 балл

3.	Мәжбүрлі еңбек мақсатында адамды саудаға салу / мәжбүрлі еңбек	5 балл
4.	Баланы/қызды заңсыз асырап алу мақсатында кәмелетке толмаған балаларды саудаға салу	5 балл
5.	Қайыршылықпен айналысуға мәжбүрлеу мақсатында адамды саудаға салу/қайыршылықпен айналысуға мәжбүрлеу	5 балл
6.	Адамның ағзаларын және тіндерін заңсыз алу мақсатында адамды саудаға салу	5 балл
6-1.	Құқыққа қарсы іс-әрекет жасауға мәжбүрлеу мақсатында адамды саудаға салу/азғырып көндіру, тасымалдау, беру, жасыру, алу, сондай-ақ құқыққа қарсы іс-әрекет жасауға мәжбүрлеу мақсатында өзге де іс-әрекеттер жасау	5 балл
6-2.	Кінәлінің адамға қатысты меншік иесінің кейбір немесе барлық өкілеттіктерін жүзеге асыруына байланысты өзге де әрекеттер	5 балл
7.	Адамға қатысты жасалған әрекеттер	
8.	Сатып алу-сату, өзге мәмілелер (сыйға тарту, айырбастау, жалға беру, адамды мәміле бойынша міндеттеменің орындалуын қамтамасыз ету ретінде қалдыру, мүліктік емес сипаттағы қандай да бір пайда алу мақсатында адамды беру және басқалар)	5 балл
9.	Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларды қоспағанда кінәлінің мәжбүрлі еңбекті, яғни адам оны орындау үшін өз қызметтерін ерікті түрде ұсынбаған, осы адамнан күш қолдану немесе күш қолданамын не қандай да бір жаза қолданамын деп қорқыту арқылы талап етілетін кез келген жұмысты немесе қызметті пайдалануы	5 балл
10.	Кінәлінің басқа адамның жезөкшелікпен айналысуын немесе ол көрсететін өзге де сексуалдық сипаттағы қызметтерді пайдалануы деп адамды жезөкшелікпен айналысуға немесе алынған	5 балл

	кірістерді немесе олардың бір бөлігін иемдену мақсатында, сол сияқты кінәлінің осы мақсатты көздемей, сексуалдық сипаттағы өзге де қызметтер көрсетуге мәжбүрлеу түсініледі	
11.	Адамды қайыршылықпен айналысуға, яғни басқа адамдардан ақша және (немесе) өзге мүлікті сұрауға байланысты қоғамға жат әрекет жасауға мәжбүрлеу;	5 балл
12.	Кінәлінің құқыққа қарсы іс-әрекет жасауға мәжбүрлеуі, яғни адамды мүліктік сипаттағы табыс немесе пайда алу мақсатында құқық бұзушылық жасауға мәжбүрлеу	5 баллов
13.	Азғырып-көндіру – зардап шегушініңандайдабіржұмыстарды немесеқандайдабірқызметті, соныңішінде, егероныпайдаланумақсатыменбайланыстыболса, құқыққақайшықызметтіатқаруғакелісуінеқолжеткізу.	5 балл
14.	Т а с у – адамдыпайдаланумақсатындабіржерденекіншіжерге, соныңішіндебірелдімекенніңішіндеоныңорнынауыстыруғабайланыстықасақанажасалатыніс-әрекет.	5 балл
15.	Беру – зардап шегушіні пайдаланатын адамға тікелей беру	5 балл
16.	Ж а с ы р у – зардап шегушініңұқыққорғауоргандарына н , туыстарыменбасқаадамдарданжасыру.	5 балл
17.	Алу – адамды пайдалану немесе одан әрі беру үшін оны тікелей алу.	5 балл
18.	Пайдалану мақсатында ұрлау	5 балл
19.	Пайдалану мақсатында бас бостандығынан заңсыз айыру	5 балл
20.	Адамға қатысты пайдаланылған құралдар	
21.	Өмір мен денсаулыққа қауіпті күш қолдану немесе оны қолданамын деп қорқыту	5 балл

22.	Қару немесе қару ретінде пайдаланылатын заттарды қолдану	5 балл
23.	Алдау немесе сенімге қиянат жасау	5 балл
24.	Өзінің қызметтік жағдайын пайдалану	5 балл
25.	Материалдық немесе өзге де тәуелділікті пайдалану	5 балл
26.	Психикасының бұзылуын немесе дәрменсіз күйін пайдалану	5 балл
27.	Жеке басын қуәландыратын құжаттарды алып қою, жасыру не жою	5 балл
28.	Адамға келтірілген зиян	
29.	Тән ауруына ұшырататын, бірақ зардаптарға әкеп соқпаған ұрып-соғу немесе өзге де күш қолдану әрекеттерін жасау	5 балл
30.	Ұдайы ұрып-соғу немесе өзге күш қолдану әрекеттері жолымен тән зардабын келтіру немесе психикалық зардап шегу	5 балл
31.	Адамның өміріне қауіпті емес, денсаулықтың ұзақ уақытқа бұзылуына әкеп соққан денсаулыққа зиян келтіру	5 балл
32.	Адамның өміріне қауіпті, көруден, тілден, естуден қандай да болсын органнан айырылуға немесе органның қызметін жоғалтуға немесе бет-әлпетінің қалпына келтіргісіз бұзылуына әкеп соққан денсаулыққа зиян келтіру, сондай-ақ денсаулықтың бұзылуын тудырған не түсік тастауға, психикасын бұзуға, есірткімен немесе уытты умен ауыруға душар еткен денсаулыққа өзге зиян келтіру	5 балл

Бірлескен бұйрығымен бекітілген Әлеуметтік бейімсіздікке және әлеуметтік депривацияға әкеп соққан қатыгездікпен қараудың бар-жоғын бағалау критерийлеріне 3-қосымша

Әлеуметтік бейімсіздікке және әлеуметтік депривацияға әкеп соққан қатыгездікпен қараудың бар-жоғын бағалау туралы есеп

1. Тегі _____
2. Аты _____
3. Әкесінің аты (бар болса) _____
4. Күні және уақыты _____
5. Жүргізілген орны (мекеменің атауы және мекенжайы) _____

6. Мән-жайлар (сәйкестендіру уақытында болған, мысалы ұйымдар қызметкерлерінің болуы, алып жүрушілер) және фактіге қатысты ақпарат

7. Оның сауалнамасы негізінде зардап шегушіге не болғаны туралы ақпарат (болжалды қатыгездікпен қарау әдістерін, болжалды қатыгездікпен қарауды қолдану уақытын және физикалық немесе психологиялық жай-күйіне келіп түскен шағымдарды қоса алғанда)

8. Адамды сәйкестендіруге уәкілеттінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), қолы _____

9. Адам саудасының құрбаны болып сәйкестендірілген адамның дербес деректері "Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес қорғалуға жатады.